«Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі МДШО»МКМ

# 2024-2025 оқу жылындағы педагог-психологтың атқарған жұмыстарының талдауы

Scanned with ACE Scanner

**«Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі МДШО» МКМ-нің 2024-2025 оқу жылындағы психологиялық жұмыстың I жарты жылдық бойынша қорытынды талдауы**

«Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі МДШО»МКМ-де жоспар бойынша педагогикалық-психологиялық жұмыстар жүрді. 1-4 сыныпта 27 оқушы, үйден оқитын 2-сыныпта 1 оқушы,5-10-сыныпта 63 оқушы, Барлығы -90 оқушы білім алады.Жылдың басында психологиялық қолдау бойынша жоспар құрылды.

Мектептегі психологиялық қызметтің мақсаты :

Әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, өзін-өзі дұрыс бағалайтын, ақыл-ой қабілеті жақсы дамыған, өзінің мінез құлқына сын көзбен қарай алатын, өзін қоғамның бір мүшесі ретінде сезінетін тұлғаны қалыптастыруға ықпал ету.

*Мектеп психологиялық қызметінің міндеті :*

Оқушылардың қабілетін, бейімділігін, қызығушылығын, денсаулығын ескере отырып олардың өз мүмкіндігін анықтауына көмек көрсету.

Даму, оқу, әлеуметтенудегі өзекті міндеттерді шешуде оқушыларға көмек жасау: оқу қиындықтары, бейімділігі мен мамандық таңдаудағы мәселелер, эмоционалдық ерік сферасының кемшілігі, құрбыларымен, мұғалімдермен, ата-аналармен тұлғааралық қарым-қатынастағы мәселелер.

Оқушылардың, мұғалімдердің, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзіреттілігін (психологиялық мәдениетін) дамыту.

Жоғарыдағы міндеттерді басшылыққа ала отырып, дамуға бағытталған мектеп мазмұнына сәйкес мұғалімдер мен сынып жетекшілердің сұраныстарына сәйкес психологиялық қызметтің басым бағыттары анықталады.

2024-2025 оқу жылында *психодиагностикалық, профилактикалық, психоконсультациялық ,психокоррекциялық бағытта* жұмыстар жүргізілді.

**Диагностикалық бағыт бойынша қыркүйек айында** 1 сынып оқушыларының мектепке бейімдеу жұмысы жүрді, 5 сынып оқушыларының бейімделуіне сауалнамалар алынды. Оқушылардың

ерік-жігер сферасының даму деңгейін анықтау.2-4-сынып оқушыларынан да Д. Б. Эльконинн «Графикалық диктант» проективтік әдістемесі, 2-10-сынып оқушыларынан «Социометрия» әдістемесі, https://www.instagram.com/p/DAn8jWXAY6i/?igsh=ZzB4dWhvMXk3aWlt

5-6-7 сынып оқушылары Филлипстің мектеп мазасыздығының тест-сауалнамасы алынды. 1 -сыныпта оқушылардың мектепке психологиялық дайындығын диагностикалау жүрді. 1-сыныптан «Керн-.Йирасек» әдістемесі алынып, «Нүктелер көшірмесі» жүргізілді. 2-10-сыныптардан В.Г.Шур әдістемесі. «Баспалдақ» өзін-өзі бағалау алынды.

Қазан айында жас мамандардан сауалнама алынды, 5-10-сыныптардан буллинг, кибербуллинг, зорлық-зомбылық, жыныстық тиіспеушілікті анықтау диагностикалары жүрді. 1-сынып оушыларынан Г. Вицлак әдістемесі «Мектептегі оқуға қабілетін зерттеу» ойлау ерекшеліктерін диагностикалау жүргізілді. https://www.instagram.com/p/DBDOgPSiD82/?igsh=MWhqcmtzc3A3a3J2Yw==

Аутодеструктивті мінез-құлықтарын анықтау диагностикалары 4-10-сынып оқушыларынан алынды. Темпераментті анықтау сауалнамасы 5-10-сыныптардан алынды. «Жанұя» орталығының сауалнамаларымен жұмыс. «Ресурс» тесті 7-10-сынып оқушыларынан алынды. «Жанұя» орталығының сауалнамаларымен

Scanned with ACE Scanner

жұмыс. «Өзін-өзі бағалау» Е.В.Степанова 3-4 сынып «Жанұя» орталығының сауалнамаларымен жұмыс.«Мінезі» О.Л.Бородина 5- сынып.«Жанұя» орталығының сауалнамаларымен жұмыстар жүрді.«Агрессия» А.Басс, А.Дарки тесті 8-10-сынып аралығында өтті. «Пәнге көзқарас» әдістемесі. 5-6-7-8-сынып оқушыларынан алынды.
Қараша,желтоқсан айларында 8-10-сынып оқушылары арасында құқықбұзушылықты алдын алу жұмыстары анонимді сауалнама түрінде алынды.
https://www.instagram.com/p/DCRa11IAqpa/?igsh=MWZucXd0M2VkMjdjbA==

5 сынып оқушыларының бейімделуіне «Түймедағы» гүлі алынды.Оқушылардың пәнге, пән мұғалімдеріне деген көзқарасы анықталды.
https://www.instagram.com/p/DCRawtvgEVd/?igsh=MTlhMmJkbnlob28weA==

«Буллинг, кибербуллинг дегеніміз не?» сауалнамасы 4-10-сынып оқушыларынан алынды. «Жанұя» тест орталығы ұйымдастырған тестер алынды.

«Алаңдаушылық» Б.Филлипс 5-10-сынып«Жанұя» тест орталығы ұйымдастырған тест,«Өзін-өзі бағалау» Г.Айзенг 5-10-сынып, Адамдарға көзқарас» Н.Ю.Яшина 2-4-сынып, «Жалғыздық» тесті 7-10-сынып, « Буллинг» т.б тестер алынды.
https://www.instagram.com/p/DAIsenwAmMk/?igsh=b3NoNHdra3plMWd0
1 -сыныпта оқушылардың Логикалық ойлауын зерттеу. «Не артық?» әдістемесі; Баланың қабылдау деңгейін анықтау. «Не жетпейді?» әдістемесі алынып,балалардың логикалық ойлау деңгейлері анықталды. «Ағаштағы адамдар»әдістемесі 8-10-сынып оқушыларынан алынды.
https://www.instagram.com/p/DE2D4S8AppD/?igsh=bjFmYnhzaTA0a3V1

2-4- сынып оқушыларынан «Есте сақтау процесін зерттеу» әдістемесі алынды.

**Түзету-дамыту бағыты бойынша** қыркүйек, қазан айында 1- сынып оқушыларының бейімделуіне бағытталған түзету-дамыту сабақтары жүрді.
5- сынып оқушыларының бейімделуіне бағытталған түзету-дамыту сабақтары өтті. Социометрия әдістемесінің нәтижесі бойынша оқушылармен психологиялық түзету-дамыту сабақтары жүргізілді.Сынып жетекшімен бірлескен сынып сағаттары жүрді.5-сынып педагогтеріне оқушылардың орта буынға бейімделу тақырыбына түсіндіру жұмысы жүргізілді.

Қараша,желтоқсан айларында «Дарынды баланың шығармашылық қабілетін дамыту» 2-10-сынып оқушылары арасында,Аутодеструктивті мінез-құлықты түзету сабақтары 1-5-сынып оқушыларымен, 1-сынып оқушыларымен «Алақай мен оқушымын» тренинг,
https://www.instagram.com/p/DCCFIAPo3Zm/?igsh=MWJndHdya256bHg1Zg==

6-10-сынып оқушыларымен аутодеструктивті мінез-құлықты түзету сабақтары, «Интернеттегі қарым-қатынас мәдениеті» тренинг 7-10-сынып оқушыларымен, «Мен өміріме, қажеттілігіме-жауаптымын» түзету-дамыту жұмысы тренинг 9-10 сынып оқушылармен өтті.

**Профилактика- психологиялық ағарту**
«Бірінші сынып оқушыларының сәтті бейімделуіне жағдай жасау» педагогтармен жұмыс болып өтті «Бірінші сынып оқушыларына бейімделу» 1-сынып ата-аналарымен жұмыс жүргізілді. https://www.instagram.com/p/DA3YYlgggHY/?igsh=MXV4NjM3bWpvaXM2

«Орта буынға өту кезінде бесінші сынып оқушыларының сәтті бейімделуіне жағдай жасау»тақырыбында 5 сынып педагогтерімен жүрді. Қыз және ұл балалармен ағарту

Scanned with ACE Scanner

жұмыстары бойынша 7-10 сынып қыздары мен ұлдарына профилактқалық жұмыстар жүргізілді https://www.instagram.com/p/DCYSGqwCAo7/?igsh=cjJkemhtbTlraXBj

«Бала қауіпсіздігі мен білім алуы-қоғам келешегі»ата-аналарға арналған жалпы ата-аналар жиналысында ата-аналарға түсіндіру жұмысы жүрді. https://www.instagram.com/p/DBeSc56g_SV/?igsh=M253bW0xM3VrbWVo

Қараша,желтоқсан айларында 5 -сынып оқушыларының бейімделуіне «Қиял» ерекшеліктері» тақырыбына, «Аяқталмаған сөйлем» әдістемесі 7-9-сынып оқушыларымен жүргізілді. «Менің көңіл күйім» тренинг 2-7-сынып,«Мен – жеке тұлғамын» тренингі 8-10-сынып оқушыларымен жүргізілді. «Менің сыныбым»әдістемесі 5-7-сынып оқушыларымен жүргізілді. https://www.instagram.com/p/DE2DwdCgovC/?igsh=bXNvZ29hemNtbnI0

16-24.12.2024 ж аралығында «Психология-жан дауысы» тақырыбында психология апталығы болып өтті.Апталық мақсаты:жалпы оптимистілікті қалыптастыру және бағыттау;балалар және ересектер ұжымдарында қолайлы психологиялық климат құру.Апталықта ұстаздармен,мектеп қызметкерлерімен,оқушылармен, ата-аналармен түзету-дамыту жұмысы жүргізілді.. Тренинг,жаттығулар, сайыстар т.б. ойындар түрінде өткізілді. https://www.instagram.com/reel/DD9i6brAeRh/?igsh=MXVkMnRwaHA5ezlxbg==

Жас мамандарға арналған психологиялық жұмыс жүргізілді.Мақсаты: жас мамандарға көмек көрсету және ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру. Жас мамандармен сұрақ - жауап жүргізіліп, ойларымен бөлісті. Мұғалімдердің ситуациялық жағдайлардан шығу мүмкіндігін бағалау, оқушылардың тілін тауып, жағымды эмоциялық қарым-қатынасты нығайту мақсатында көптеген жағдаяттар талқыланып, жас мамандар өз ойымен бөлісті.

Үйде оқитын оқушымен түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді

Мақсаты:Дамыту ойындардың маңыздылығы оқушылардың ынта - ықыласын есепке ала отырып, оқуды қызықты етіп, білім, білік, дағдыны қалыптастыру. Дамыту ойындарға қойылатын бірінші талап - оқушының танымдық әрекетін, қызығушылығын дамыту

«Менің отбасым-сыйластық,жарастық орнаған орта!» атты ата-аналарға психологиялық тренинг өтті.Отбасы - Адам баласының алтын діңгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы - адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын бесігі. https://www.instagram.com/p/DA3YYlgggHY/?igsh=MXV4NjM3bWpvaXM2

Ата-аналар ситуациядан шығу жолдарымен бөлісіп,тренинг көңілді пікірталасқа ұласты.

**Кеңес жүргізу бағыты бойынша** «Баланың мектепте оқуға психологиялық даярлық мәселелері» 1 -сынып ата –аналарымен жүрді. «Сіздің балаңыз 5 -сынып оқушысы» 5 -

Scanned with ACE Scanner

сынып ата-аналарына кеңес берілді.Мұғалімдер мен ата-аналардың сұранысы бойынша балаларға арналған жеке кеңестер жүргізілді.Оқушы қыздар арасында ерте жүктілікті алдын алу бойынша қыздар жиналысы. Кеңес беру 7-10-сынып оқушыларына. «Эмоция әлемінде» тренинг сабақ.Жас мамандармен жұмыс Кеңес беру.

**Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс** «Сенім телефоны, жәшігі» жұмыстары жүйелі жүріп отырылады. Психологтарға арналған семинарларға, конференцияларға атсалсып отырмыз.24.09.2024 облыстық аймақтық семинар Бақанас ауылы Б.Бейсекбаев гимназиясында болып өтті, 24.10.2024 жыл аудандық дискуссия алаңы Ақдала орта мектебінде жүрді.

Желтоқсан айының 12 желтоқсанында Ақдала орта мектебнің базасында «Психологиялық қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру жолдары» тақырыбында семинар-практикум өтті.

Үйден оқитын оқушымен жоспар құрылып,жекелей жұмыстар оқушымен, ата-анамен, ұстаздармен жүргізілді.

**Қорытынды:** Барлық жұмыстардың нәтижесі қаралып, хабарламалары жазылып, мониторингтері сызылды. Әр мұғалім, оқушыға жеке папка ашылып, интерпретациялары жазылды. Зерттеу қорытындылары бойынша пед. ұжымның эмоционалдық құрамы- жағымды, когнитивті құрамы- жағымсыз, мінез- құлықтық құрамы- жағымды екенін көрсетті. Жас мамандарға жұмысқа ынтасын арттыру, оқушымен қарым- қатынасын жағымды қалыптастыру, ұжым өміріне араластыру мақсатында тренингтер жүргізіліп, кеңестер беріліп отырды.

## «Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі МДШО» МКМ-нің 2024-2025 оқу жылындағы психологиялық жұмыстың III тоқсан бойынша қорытынды талдауы

«Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі МДШО»МКМ-де жоспар бойынша педагогикалық-психологиялық жұмыстар жүрді. 1-4 сыныпта 27 оқушы, үйден оқитын 2-сыныпта 1 оқушы,5-10-сыныпта 63 оқушы, Барлығы -90 оқушы білім алады.Жылдың басында психологиялық қолдау бойынша жоспар құрылды.

Мектептегі психологиялық қызметтің мақсаты :

Әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, өзін-өзі дұрыс бағалайтын, ақыл-ой қабілеті жақсы дамыған, өзінің мінез құлқына сын көзбен қарай алатын, өзін қоғамның бір мүшесі ретінде сезінетін тұлғаны қалыптастыруға ықпал ету.

Жоғарыдағы міндеттерді басшылыққа ала отырып, дамуға бағытталған мектеп мазмұнына сәйкес мұғалімдер мен сынып жетекшілердің сұраныстарына сәйкес психологиялық қызметтің басым бағыттары анықталады.

2024-2025 оқу жылында *психодиагностикалық, профилактикалық, психоконсультациялық ,психокоррекциялық бағытта* жұмыстар жүргізілді.

**Диагностикалық бағыт бойынша қаңтар айында** І-ші жартыжылдық бойынша бір сабақтан «3», бір сабақтан «4» бар оқушылардан «Пәнге көзқарас» сауалнамасы алынды.Сауалнамаға 1 оқушы қатысты.

4 сынып білім алушыларының оқу мотивациясын анықтау мақсатында Н.Г.Лусканова «Мектептегі мотивация деңгейін бағалау» әдістемесі алынды. 4-сынып оқушылары мектепке бейімделуінің жоғары деңгейін көрсетті.

https://www.instagram.com/reel/DAkuxMNgFiv/?igsh=dzFzZXlrMDdreTI3

Scanned with ACE Scanner

2-4 сынып оқушыларынан «Кактус» әдістемесі алынды.22 оқушы қатысты.Мақсаты: Жеке өзінің ерекшеліктерін жағымды және жағымсыз мінез – құлық бітістерін тану. https://www.instagram.com/p/DFWsdMjC_DZ/?igsh=eGU1ZXdjZnVoeXA5

Құқық бұзушылық пен әлімжеттіктің алдын алу бойынша алынған сауалнама 5-10-сынып оқушыларынан алынды.

«Менің отбасым» әдістемесі 1-5 –сынып оқушыларымен өткізілді. Әдістеме мақсаты: баланың ата-анасына және басқа туыстарына қатынасын, өзін-өзі қабылдау ерекшеліктерін, отбасылық мәселелер мен психологиялық ыңғайсыздық көздерін анықтау. Сауалнама нәтижелері балалардың ата-аналарын жақсы көретінін және құрметтейтінін көрсетті. Бұл отбасыларда балалар мен олардың ата-аналары арасында өзара түсіністік, сенімді қарым-қатынас бар екенін көрсетеді. Мұның бәрі баланың толық психикалық дамуы үшін қажет. Тек осындай отбасында баланың өзіне деген сенімділігі қалыптасады.

Кәсіби бағыттылығын анықтау 9-сынып оқушыларымен өткізілді.

Д.Ж.Холландтың «Тұлға типтерін анықтау»әдістемесі алынды. Мақсаты: Оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін, кәсіби бағытын анықтау

Қорытынды: Сауалнамаға 9 сыныптан 14 білім алушы толық қатысты. Нәтижесінде: Реалистік тип. 1 оқушы-7,1% ,Интеллектуалдық тип. 1 оқушы-7,1% ,Әлеуметтік тип. 6 оқушы-42,8%, Тапқыр тип- 7 оқушы.57,1%.

«Жанұя» тест орталығы тестері алынды.Такер Установич «Лудомания»тесті 9,10-сынып оқушыларынан алынды.Мақсаты: лудоманияның зиянын ұғындыру.Тест нәтижесі бойынша оқушылар жасыл деңгейді көрсетті. «АП деңгейін анықтау» тесті 6-сынып оқушыларынан алынды.Мақсаты: оқушы мінез-құлқындағы өзгешелікті байқау. Тест нәтижесі бойынша оқушылар жасыл деңгейді көрсетті.

Психологиялық **түзету-дамыту бағыты бойынша қаңтар айында** қыздармен жұмыс «Үлгілі үйдің қыздары» 8-10-сынып қыздарымен жүргізілді. https://www.instagram.com/p/DFNTwa8AzVC/?igsh=b2lyZ3U3Zjl4eTN5

Үйден оқитын балалармен түзету-дамыту сабақтары жүрді. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» бағдарламасын іске асыру аясында «Мен өмірді таңдаймын!» 7-10-сынып оқушыларымен жүрді.
https://www.instagram.com/p/DFfJQJaAFur/?igsh=MXRjcjR5aWZ3OGpyMg==Достық
«Лудомания дерті»түзету-дамыту жұмысы 8-10-сынып оқушыларымен жүрді. .Кәсіби бағдар 9- сынып оқушыларымен түзету -дамыту сабақтары жүрді.Тренинг элементтері бар жаттығулар жүргізілді.
2-4-сынып Треннгтік жаттығулар.\ түзету-дамыту \жаттығулары жүрді.

**Профилактика- психологиялық ағарту бағыты бойынша қаңтар айында** «Мен тәуелсіз болғым келеді»1-сынып оқушыларымен тренинг жүргізілді.

«Кибербуллингке немесе киберқылмысқа тап болсаң не істеу қажет?» тренинг 6-8 сыныптармен өтті.«Қауіпсіз интернет бала көзімен» пікірталас 8,9-сынып оқушыларымен жүрді. https://www.instagram.com/p/DFKxWMQApA3/?igsh=YWQwdXM4MjRpampu

Ақпан айы психологиялық диагностика бойынша оқушылардың өзін өзі бағалауын анықтау **«Өзіне деген сенімділіктің өзін-өзі бағалауы» тесті** 5-7- сыныптар аралығында өтті. Мақсаты: белгілі уақытта жеке тұлғаның өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау. Оқушылардың өзіндік бағалауары қанағаттанарлық деңгейді көрсетті.

Scanned with ACE Scanner

**Я.Йерасеканың мектептік көзқарасқа арналған шамамен алынған тест сұрақтары** мектепалды даярлық тобынан алыны. Оқушылардың мектепке дайындығы орташадан жоғары деңгейді көсетті.
«Адам Ағаш Үй» проективті тесті 2,4,6-сынып оқушыларынан алынды.Мақсаты: тұлғаның эмоциялары мотивациялық сипаттары, кейбір аспектілері, **жасырынып жатқан дүниесін ашу.**.

Психологиялық **түзету-дамыту бағыты бойынша** «Менің болашақ мамандығымның таңдауы» тренинг 9-сынып.
https://www.instagram.com/p/DGNGFFagJkM/?igsh=bHFnaW84a3NwdG9v
"Лудомания-қауіпті ауру"»түзету-дамыту сабағы 5-10-сынып.
https://www.instagram.com/p/DGAX4AygIHE/?igsh=MW9zdHB6c3ZnOTVzZQ==
**«Біздің топ - бұл біз» мектепалды даярлық тобына арналған адаптациялық тренинг болып өтті.**

«ОЖБС ұйымшылдықпен қатысуға психологиялық қолдау көрсету» психологиялық тренинг 4-сынып оқушыларымен өткізілді.

**Профилактика- психологиялық ағарту**(Аутодеструктивті мінез-құлықты түзету сабақтары) «Өмір, сен маған қымбатсың» 7-10-сыныптарhttps://www.instagram.com/p/DFXrSRVgOpV/?igsh=MWo3aDU1a3M4NjdlNg

Оқушы қыздар арасында ерте жүктілікті алдын алу бойынша қыздар жиналысы.8-10-сынып.«Интернетке тәуелділіктен сақтану жолдары»түсіндіру жұмысы 5-10-сынып оқушылары.«Отбасындағы микроклимат және бала тәрбиесі»5-10-сынып ата-аналары Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағарту "Темекі-денсаулықтың қас жауы»" 8,9,10-сыныптарға арналған профилактикалық жұмыс
https://www.instagram.com/p/DGUwbTQiXux/?igsh=azV0cGhjNnp2cT B4

«Күйзеліске жол жоқ» 7-сынып оқушыларымен тренинг жұмыстары.4 сынып оқушыларымен түзету- дамыту сабақтарыhttps://www.instagram.com/p/DFXrSRVgOpV/?igsh=MWo3aDU1a3M4NjdlNg==

гендерлік«Менің көңіл-күйім» психологиялық треннинг 4-сынып оқушылары

**Психологиялық кеңес бағыты бойынша** ұлдар жиналысы /Кеңес беру/8-10-сынып оқушыларымен өтті.
ОЖСБ қатысатын оқушыларға психологиялық кеңес 4-9-сынып оқушыларымен жүрді.

Сенім пошта, телефонының жұмысы **жүрді.**

Педагог-психологтар: Нурымбетова Г.С.
Казангапова Г.Т.

Scanned with ACE Scanner